ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

# РОӘК ОӘБ мәжілісі аясындағы «УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» АТТЫ 47-ШІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

**26-27 қаңтар 2017 жыл**

**4 КІТАП**

# МАТЕРИАЛЫ 47-ОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ» в рамках заседания УМО РУМС

**26-27 января 2017 года**

**КНИГА 4**

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени аль-ФАРАБИ

---

РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы
«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты
47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 қаңтар 2017 жыл

4-кітап

МАТЕРИАЛЫ
47-ой научно-методической конференции
«ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ И ЭКСПОРТНОГО ПОТЕНЦИАЛА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ УНИВЕРСИТЕТОВ»
в рамках заседания УМО РУМС

26-27 января 2017 года

Книга 4

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы «Университеттердің білім беру бағдарламаларының экспорттық әлеуетін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты 47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдары. 26-27 қаңтар 2017 жыл. 4-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 199 б.
**ISBN 978-601-04-2555-2**

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

ISBN 978-601-04-2555-2

**Құлжанова Б.Р.**

## ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Соңғы жылдары студенттердің өз бетінше білім алуына ерекше көңіл бөліне бастады. Кредиттік жүйенің басты талабы да осы. Осыған орай оқытушылар қауымы да ізденіс үстінде. Мен филология және әлем тілдері факультетінде негізгі сабақтардың бірі «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы» пәнінен дәріс оқып, семинар жүргіземін. Шындығында, бұл пән – Қазіргі қазақ тілі курсының ауқымды-ауқымды мәселелерін қамтитын үлкен бір бөлімі.

Өзге ғылым салалары сияқты қазақ тіл білімі де заман талабына орай қарыштап дамыды. Мысалы, сөздің тілдік, лексикалық мағыналарына қатысты қаншама ғылыми еңбектер жарық көрді. Тілдік мағына мен сөздік мағынаны терең меңгеру үшін студенттер М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» аталатын еңбегін оқуы қажет. Ал лексикалық мағыналардың ұсақ бөлшектері – семаны түсіну үшін Ғ. Хасановтың «Лексикалық мағына» аталатын зерттеуімен танысуы шарт. Осылайша санай берсек, жаңалығы мол оқу үдерісіне қажетті ғылыми еңбектер жиырмадан асып жығылады. Бұлардың барлығын оқып шығуды студенттерге жүктегенімізбен үдесінен шығу әсте мүмкін емес. Физикалық мүмкіндігі де, уақыты да жетпейді. Осы қиындықтан шығу үшін мен өзгеше тәсіл қолдануды дұрыс деп таптым.

Пән қамтылатын барлық тақырыптар студенттерге жеке-жеке бөлініп беріледі. Әр тақырыптың жоспары жасалып, әдебиеттер тізімі ұсынылады. Осылайша бөліп беру студенттің сол тақырыпты терең меңгеруіне жағдай жасайды. Мысалға «Мәндес сөздерді синонимдік қатарға топтастырудың және оларды мағыналық айырмашылықтарын ажыратудың ұстанымдары» аталатын тақырыпты алалық. Студенттер мағынасы жуық, жақын сөздердің синонимдік қатар түзе алатынын мектепте-ақ біліп келеді. Бірақ мағынасы жуық, жақын сөздердің барлығы бірдей синонимдік қатар құрай алмайтындығын біле бермейді. Бір қарағанда, әйел, зайып, жұбай, қосақ, сөздері мәндес. Алайда әйел, зайып сөздерінен ерлі-зайыптылардың бір сыңарын ғана түсінетін болсақ, жұбай, қосақ сөздерінен ерлі-зайыптылардың екеуін бірдей ұғынамыз. Олай болса, синонимдік қатар түзу үшін мағыналардың жуықтылығымен қатар бір ғана ұғымды білдіруі шарт екен. Екі, қос сияқты сөздер екі түрлі сөз табына жататындықтан, мағынасы жуық болса да, бір-біріне синоним бола алмайды.

Мектепте синонимдік қатарға енген сөздердің бір-бірінен мағыналық айырмашылығын ажыратып жатпайды. Мысалға ұстаз, мұғалім бір-біріне синоним бола алады деп есептеледі. Ұстаз кең мағынада, мұғалім тар мағына беретіндігіне көңіл бөлінбейді. Шын мәнінде синонимдерді бір-бірінен ажырататын белгілер көп. Мұның бәрі Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тіліндегі синонимдер» аталатын монографиялық еңбегінде егжей-тегжейлі баяндалады. Бұлардың барлығы оқу құралдарында, оқулықта қамтыла бермейтіні түсінікті. Осы сияқты тақырыптарды игеруді міндетіне алған кез- келген студент тапсырманы әрі кеткенде бір айда орындай алады.

Әр студентке жеке-жеке тапсырма берудің пайдасы көп. Біріншіден, тақырыпқа қажетті ғылыми еңбектерді талдап оқығандықтан, терең білім алады, өз сөзімен баяндай алады. Екіншіден, келешекте диплом жұмысын жазу үшін алғашқы баспалдақ ретінде қызмет етеді. Үшіншіден, тақырып ұнаған жағдайда осы тақырыппен студенттердің ғылыми конференцияларына қатыса алады. Төртіншіден, қабілеті келгендер мақала жазып, өзін көрсете алады. Ең бастысы, студенттердің ұжымдасып, бірлесіп емтиханға дайындалуына тамаша мүмкіндік пайда болады. Себебі, бір студент екінші бір студентке өзі меңгерген тақырыбы туралы айтып бере алады. Қасаң ғылыми тілде жазылған мәселені түсінікті студенттік тілде баяндап, басты-басты тұжырымдарын оңай ұғындыра алады.

Жеке-жеке берілген тапсырма әрі жазбаша, әрі ауызша орындалады. Белгілі бір тақырып бойынша жеке жұмыс жазып шығу ғылыми ізденістер үшін де алғышарт болып табылатындықтан, өзі оқыған, қарастырған әдебиеттерге сілтеме жасауды үйренеді. Ғалымдардың пікірін оқи отырып, қай жерден үзінді алып, дәйектеме келтіруді меңгереді. Конспект жасай отырып оқығаннан кейін тақырыптың көптеген тұстары есте жақсы сақталады.

Студент өзіне жүктелген материалдарды мазмұндай алатын дәрежеге жеткеннен кейін топ алдында ауызша баяндама жасайды. Бұл бір жағынан студенттің өз тақырыбын қаншалықты меңгергендігін көрсетсе, екіншіден, өзге студенттердің сол тақырыпты тереңірек біліп алуына мүмкіндік береді. Сабақтан тыс орындалатын жұмыстарды қабылдап алу үшін арнайы уқыт (СОӨЖ) бөлінеді.

Жеке жұмыстарды талқылау сабақтары қызықты өтеді. Студенттер баяндамашы-студентке өзі білгісі келетін сұрақтарын қояды. Сондай-ақ пән оқытушысы да қамтылмай қалған мәселелер бойынша қосымша сұрақтар беріп отырады. Бұдан кейін қатысушылардың баяндаманы қалай тыңдағаны, қаншалықты дәрежеде түсінгендігі сынаққа алынады. Кейбір мәселеледі студенттің өтініші бойынша қайталап айтып беретін кездері де болады.

Бұл әдісті келешекте жетілдіре беру ниетіндеміз. Мысалы, бір бөлмеде тұратын студенттердің жатақханада бір-біріне өз тақырыптарын айтып беруіне болады. Немесе 3-4 студент өзара топ құрап, жаттығуларына да мүмкіндік бар. Бұлай еткен жағдайда талқылау жұмыстары да оңайланар еді.

Қазіргі заманғы өскелең талапқа оқытушының дәрісі, оқулықтар мен оқу құралдары аздық етеді. Қосымша әдебиеттерді, яғни, ғылыми еңбектерді меңгеру үшін жоғарыда баяндалған әдісті пайдалану тиімді деп ойлаймыз. Өйткені әр студенттің қосымша әдебиеттерде ұсынылатын оқу үдерісіне қажетті жиырмадан аса ғылыми еңбекті бірден оқып шығуы да, оны игеруі де мүмкін емес. Жұмыла көтерген жүк жеңіл.

**МАЗМҰНЫ**
**СОДЕРЖАНИЕ**

*Bektemirova S.B., Ismailova N.A. «THE INTRODUCTION TO LINGUISTICS» ON BASIS OF DRAWINGS AND TABLES* ... 3
*Berdibayeva A.K. THE IMPACT OF INTERACTIVE TEACHING METHODS IN UNIVERSITIES, ON THE FORMATION OF THE PERSONALITY OF THE FUTURE LAWYERS* ... 5
*Doszhan R.D. THE USE OF CASE STUDIES IN THE STUDY OF DISCIPLINE "TAXES AND TAXATION"* 8
*Makhambetova Zh.T. TEACHING EXPERIENCE IN TESTS-BASED TECHNIQUES FOR FUTURE SOCIAL PEDAGOGUES* ... 9
*Mendikulova G. NEW HISTORICAL DISCIPLINE CREATED AT THE AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY* ... 12
*Moldassanova A.A., Kaibuldaeva A.Z., Merkibaev T. O. SOLVING CLASSROOM MANAGEMENT CHALLENGES* ... 14
*Yessekeyeva A.A. APPLICATION OF NEW METHODS OF TRAINING IN TEACHING LEGAL DISCIPLINES* ... 17
*Абаған А.Б. КОРЕЙ ТІЛІ БӨЛІМІ СТУДЕНТТЕРІНЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ СӨЙЛЕУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСІ* ... 19
*Абдуллаев О.А., Мусрепова М.С., Кунанбаева М.Н. ВЛИЯНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКИ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СТАНОВЛЕНИЕ И ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ ВУЗА* ... 21
*Адильбекова А.О., Оспанова Ж.Б., Мусабеков К.Б., Есимова О.А., Керимкулова М.Ж. ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИН ПО ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ТРОЕКТОРИИ «ТЕХНОЛОГИЯ КОСМЕТИЧЕСКИХ И МОЮЩИХ СРЕДСТВ»* ... 24
*Айткожаев А.З., Боранбаева А.Е._УАҚЫТТЫ БАСҚАРУ – ЖЕТІСТІККЕ АПАРАР ЖОЛ* ... 26
*Акынбекова А.Б. «АБАЙ» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ МАҚАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ* ... 28
*Ақанбай Н., Сулейменова З.І., Тапеева С.Қ. ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫНЫҢ ШЕКТІК ТЕОРЕМАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАРЫ* ... 30
*Ақашева Ә.С., Зұлпыхаров Қ.Б. ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ* ... 34
*Ақымбек С.Ш. «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКЕРДІ ҮЙЛЕСТІРУ ТАЛАПТАРЫ* ... 37
*Аликбаева М.Б. МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ* ... 40
*Алимова Р.Т. ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КЕЙС-СТАДИ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ* ... 43
*Амирбекова У.А. КОРЕЙ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР* ... 45
*Амирканов М.Б., Нусупбаева С.А., Онгарова Ш. АУҒАН ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ* ... 47
*Амирова М.Ж. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ӨКІЛДЕРІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ* ... 51
*Артықова Е.О., Абылкасова А.Б. АУДИРОВАНИЕ ТӘСІЛІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН КӨТЕРУ* ... 52
*Асанова Б.С. ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ КІТАПХАНАШЫЛАР ДАЯРЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ* ... 54
*Асқар Л. Ә. ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАНУ ЖҮЙЕСІ: МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ* ... 57
*Атабай Б.А. ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОЗЫҚ ӘДІСТЕРІ* ... 59
*Аташ Б.М. «ОНТОЛОГИЯ» ПӘНІНІҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ РӘСІМДЕЛУІНДЕГІ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР* ... 61
*Ахапов Е.А. ЖАПОН ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ИНТЕРАКТИВТІ ТӘСІЛДЕР* ... 63
*Ахметалиева Г.У., Зайсанбаев Т.Қ. ОРЫС ТІЛДІ ДӘРІСХАНАДА КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЕСКЕРІЛЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР* ... 65
*Ахметбекова А.К., Көптілеуова Д.Т. АРАБ ТІЛІ ЖӘНЕ ТАРИХШЫЛАР* ... 67
*Ахметова А.Б., Абылайханова Н.Т., Тусупбекова Г.А., Кулбаева М.С., Аблайханова Н.Т., Ыдырыс А., Уршеева Б.И. ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛІ* 69

*Затов Қ.А. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАТЫНАСТАРЫ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ*........127

*Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Тойшубекова Ж.К. ОТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*........128

*Иманалиева Ғ.Қ. МЕДИА-МӘТІНДЕРІНДЕГІ ЭМОТИВТІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БЕРІЛУІ*........131

*Калыш А.Б., Исаева А.И. К МЕТОДОЛОГИИ ЭТНОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ*........134

*Қамзин К. «ЖУРНАЛИСТИКАҒА КІРІСПЕ» ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕР ҮЛГІЛЕРІНІҢ РӨЛІ*........136

*Қартабаева Е.Т. «ИСЛАМ ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ДІНИ ЖҮЙЕЛЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ» ПӘНІНДЕ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ҰШТАСТЫРУ*........141

*Касымова Г.М. ГАРМОНИЗАЦИЯ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ ПОЛИЯЗЫЧИЮ ИЗ ПРАКТИКИ УНИВЕРСИТЕТА СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЯ*........143

*Кәрібаев Б.Б. ЕЛБАСЫНЫҢ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ЖОО СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА ТИІМДІ ТҮСІНДІРУ ЖОЛДАРЫ*........145

*Ким А.М., Джаркешев К.И., Рогалева Л.Н., Бредихина Я., Лощанов М. МЕНТАЛЬНЫЙ ТРЕНИНГ И ЕГО РОЛЬ В САМОРАЗВИТИИ И САМООБРАЗОВАНИИ ЧЕЛОВЕКА В СПОРТЕ И ЖИЗНИ*........146

*Конуспаев С.Р., Журтбаева А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ*........148

*Кудайбергенова С.К., Мадалиева З.Б., Баймолдина Л.О. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОРГАНИЗАЦИИ ЭКЗАМЕНАЦИОННОЙ СЕССИИ В ВУЗЕ*........149

*Кулиев И.О., Иляшова Г.К. БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ*........151

*Кыдырбаев Б.М. КОРЕЙ ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСІ*........154

*Кылышбаева Б.Н., Дуйсенова С.М. МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КОНФЛИКТОЛОГИИ ДЛЯ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ*........156

*Қалиолла А., Анипина А.К. МӘДЕНИЕТТІК БІЛІМ – САПАЛЫ АУДАРМАНЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ*........158

*Қалымбетова Э.К., Болтаева А.М. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ*........160

*Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д. ӨМІР БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ КӘСІБИ ЖОСПАРДЫ ҚҰРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ*........162

*Қамбарбекова Ғ.Ә. ШЫҒЫСТАНУШЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КАДРМЕН ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІ*........164

*Қаражан Қ.С. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ*........167

*Қожахметов Б.Т., Мукалиев Ж.Қ., Ақмолдаева Б.Қ. КАДАСТР МАМАНДЫҒЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ «ФОТОГРАММЕТРИЯ» ЖӘНЕ «ЖЕРДІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗОНДЫЛАУ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ*........169

*Қозыбақова Ф.А. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ*........171

*Қойбақова А.С., Шарыпқазы Н. ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ ОРНЫ* 173

*Қортабаева Г.Қ., Ешметова Б.Б. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ ОҚЫТУ*........174

*Құлжанова Б.Р. ӨЗ БЕТІНШЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ*........177

*Қыдыр Т. АРАБ, ПАРСЫ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕНЕТІН СТУДЕНТТЕРГЕ ЕСКІ ҚОЛЖАЗБАЛАРДЫ ОҚЫТЫП ҮЙРЕТУДІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*........178

*Лащук М. РАЗВИТИЕ АЭРОКОСМИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН*........179

*Махарова Г.С., Тастемирова Б.И. КЕЙБІР АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ – ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРМАДАҒЫ ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ*........181

*Медетбекова П.Т., Исмайлова Н.А. ЖИІЛІК СӨЗДІКТІҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІГІ*........185

*Медеубекұлы С. ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДАРЫНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ КӘСІБИ БІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ ҚИЫНДЫҚТАРЫ*........187

*Мәмбетова М.Қ., Мәмбетова А.Қ., Медетбекова П.Т. ТІЛДІК САНАДАҒЫ КЛИШЕЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ*........191

*Мәтбек Н.Қ. ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЛҒАУЛАРЫН МЕҢГЕРТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*........194

*Мәтбек Н.Қ., Оразбаева Х.Қ. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ*........196

*Мәулет Б., Ахметбек Г. ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІ ОҚУТЫДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ*........198

*Ғылыми басылым*

**РОӘК ОӘБ отырысы аясындағы**
**«УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ» атты**
**47-ші ғылыми-әдістемелік конференциясының**
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**26-27 қаңтар 2017 жыл**

4-кітап

Жинақ авторлық редакциямен беттеліп, жарыққа шықты

**ИБ № 10694**
Басуға 19.03.2016 жылы қол қойылды. Формат 60x84 $^{1}/_{8}$.
Көлемі 22,5 б. т. Тапсырыс №1028. Таралымы 25 дана.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.